

ЦЮРИХ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ (ШВЕЙЦАРИЯ) ПАРАЗИТОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫНДА ҒЫЛЫМИ ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ

ЛИДЕР ЛЮДМИЛА ШВЕЙЦАРИЯ ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ МАҚСАТЫМЕН ІССАПАРДА БОЛЫП КЕЛДІ

ҚР БЖҒМ «2013 ЖОО ҮЗДІК ОҚЫТУШЫСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТЫНЫҢ ИЕГЕРІ, В.Ғ.К., «ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ МЕДИЦИНА» КАФЕДРАСЫНЫҢ ДОЦЕНТІ Л.А.ЛИДЕР 2014 ЖЫЛҒЫ 24-30 НАУРЫЗ АРАЛЫҒЫНДА ЦЮРИХ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ (ШВЕЙЦАРИЯ) ПАРАЗИТОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫНДА ҒЫЛЫМИ ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТТІ.

Тәжірибе алмасу барысында заманауи гельминтологиялық зерттеу тәсілдерін игеру, ELISA және ТПР анализ көмегімен молекулярлы-генетикалық диагностикалау, шет елдегі әріптестердің дәрістері мен зертханалық-тәжірибелік сабақтарына қатысып, семинарда «Қазақстан ауылшаруашылығы жануарларының паразитологиялық мәселелері» тақырыбында баяндама жасап, шет елдік әдебиеттермен танысып, Цюрихтағы әріптестермен ғылыми байланыс жасап қайтты.

Жаңа модификациядағы заманауи гельминтологиялық зерттеу тәсілдерін игеріп, болашақ бірікен ғылыми бағыттарын айқындап келді. Әсіресе Л.А. Лидер зертханалық жоспарды жүзеге асыруға қажетті құрал-жабдықтар мен материалдардың қолдану кезіндегі жұмсалыуына көңіл аударды. Цюрих университетінің алған тәжірибе өз кезегінде өзекті деп санай отырып, болашақта ғылыми зерттеу жұмыстарының өткізілу, сондай-ақ магистранттар мен студенттердің зертханалық-тәжірибелік сабақтарды өткізу үшін «Ветеринариялық медицина» ұқсас зертхана ашу қарастырылуда.

